

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2025 жылғы 30 мамырдағы № 50 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылы 5 маусымда № 36219 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің 14-бабы 2-тармағына сәйкес
БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2021 жылғы 31 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-140 "Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің және мемлекеттік тасырманың құнын айқындау қағидаларын бекіту туралы" бұйрығының (нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26376 болып тіркелген) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Экономика, қаржы және корпоративтік басқару департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрінің м.а.

А. Амангельдиев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі

Қазақстан Республикасының

Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу қағидалары Қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 14-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және зерттеулердің, консалтингтік көрсетілетін қызметтердің құнын белгілеу тәртібін айқындайды.

2-тарау. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құнын белгілеу тәртібі

2. Зерттеулердің, консалтингтік қызметтердің құны оның қызметінің негізгі түріне жататын әлеуетті өнім беруші жүзеге асыратын тікелей және жанама, үстеме шығыстардың сомасы негізге алына отырып белгіленеді.

3. Тікелей шығындарға:

1) зерттеулерді, консалтингтік қызметтерді жүзеге асыратын қызметкерлердің жалақысы;

2) әлеуметтік салық, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары;

3) қосылған құн салығы;

4) зерттеулерді жүргізетін, консалтингтік қызмет көрсететін персоналдың іссапар шығыстары (ел ішінде және (немесе) елден тыс жерлерге қызметтік сапарлар);

5) сыртқы сарапшыларды тарту жөніндегі шығыстар;

6) материалдарды сатып алу (егер зерттеу жүргізу үшін тікелей пайдаланылса (шығыс материалдары, кеңсе тауарлары, материалдық қор) және зерттеу мақсаттарына сәйкес келсе);

7) байланыс қызметтері (пошта, курьерлік қызметтер, интернет, телефон байланысы қызметтері, оның ішінде халықаралық және қалааралық байланыс);

8) полиграфиялық шығыстар (бланкілік өнімдерді: сауалнамаларды, маршруттық парақтарды, карточкаларды, зерттеу есептерін, тест тапсырмаларын тираждау, құжаттарды түптеу, тігу және өңдеу);

9) курьерлік қызметтер (материалдарды тарату);

10) конференциялар, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізу үшін жалдау ақысы;

11) банктік қызметтер;

12) зерттеу жүргізу және консалтингтік қызмет көрсету үшін тікелей пайдаланылатын аударма қызметтері жатады.

4. Жанама шығыстарға (үстеме шығыстарға):

1) әкімшілік персоналдың жалақысы;

2) әлеуметтік салық, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдар, жұмыс берушілердің әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аударымдары;

3) салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер;

4) әкімшілік персоналдың іссапар шығыстары (ел ішінде және (немесе) елден тыс жерлерге қызметтік сапарлар);

5) әкімшілік персоналды сақтандыру (көлік құралдарын, қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру);

6) негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің амортизациясы, негізгі құралдар мен материалдық емес активтерге қызмет көрсету және жөндеу ;

7) өзге де шығыстар (коммуналдық қызметтер: жылыту, электр энергиясы, сумен жабдықтау және кәріз, қатты тұрмыстық қалдықтарды шығару, ғимараттар мен үй-жайларды жалға алу, пошта, курьерлік қызметтер, интернет, телефон байланысы қызметтері, оның ішінде халықаралық және қалааралық байланыс, жарнаманы қоспағанда, ақпараттық қызметтер, өрт қауіпсіздігі, күзет қызметтері, өкілдік қызметтер шығыстар, аудиторлық қызметтер, банктік қызметтер, нотариаттық қызметтер, типографиялық шығыстар) жатады.

5. Зерттеу, консалтингтік қызмет көрсету кезінде шығыстардың әрбір бабы (жалақыны, әлеуметтік салықты, қосылған құн салығын қоспағанда) баға ұсыныстарының (кемінде үш) негізінде қалыптасады.